

Қызылжар ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданының мәслихатының 2014 жылғы 31 қаңтардағы N 23/2 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 27 ақпанда N 2575 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы мәслихатының 2016 жылғы 27 мамырдағы N 4/3 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы мәслихатының 27.05.2016 N 4/3 шешімімен (алғашы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 56-бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабына, "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 қаулысына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысының Қызылжар аудандық мәслихаты **ШЕШІТІ**:

1. Қоса берілген Қызылжар ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидалары бекітілсін.

2. Осы шешім оны алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2014 жылдың 1 қаңтарынан бастап туындаған құқықтық қатыныстарға таратылады.

Солтүстік Қазақстан облысы
Қызылжар аудандық мәслихат
сессиясының төрайымы,
Солтүстік Қазақстан облысының
Қызылжар аудандық
мәслихат хатшысы
"КЕЛІСІЛДІ"
Солтүстік Қазақстан
облысының әкімі

A. Молдахметова

C. Ескендеров

Қызылжар ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидалары

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар аудандық мәслихатының 19.12.2014 N 35/9 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Осы Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңына, "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 қаулысына сәйкес әзірленді және өмірлік қыын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың тәртібін белгілейді.

1. Жалпы ережелер

2. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі терминдер мен ұғымдар:
 - 1) атаулы күндер – жалпы халықтық тарихи, рухани, мәдени маңызы бар және Қазақстан Республикасы тарихының барысына ықпал еткен оқиғалар;
 - 2) арнайы комиссия – өмірлік қыын жағдайдың туындауына байланысты әлеуметтік көмек көрсетуге үміткер адамның (отбасының) өтінішін қарау бойынша аудан әкімінің шешімімен құрылатын комиссия;
 - 3) ең төмен күнкөріс деңгейі – Солтүстік Қазақстан облысының статистикалық органдары есептейтін мөлшері бойынша ең төмен тұтыну себетінің құнына тең, бір адамға қажетті ең төмен ақшалай кіріс;
 - 4) мереке күндері – Қазақстан Республикасының ұлттық және мемлекеттік мереке күндері;
 - 5) отбасының (азаматтың) жан басына шаққандағы орташа табысы – отбасының жиынтық табысының айына отбасының әрбір мүшесіне келетін үлесі;
 - 6) өмірлік қыын жағдай – азаматтың тыныс-тіршілігін объективті түрде бұзатын, ол оны өз бетінше еңсере алмайтын ахуал;
 - 7) уәкілетті орган – "Қызылжар аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік

бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі;

8) уәкілетті ұйым – "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

9) участекілік комиссия – әлеуметтік көмек алуға өтініш білдірген адамдардың (отбасылардың) материалдық жағдайына тексеру жүргізу және қорытындылар дайындау үшін аудан әкімінің шешімімен құрылатын комиссия;

10) шекті шама – әлеуметтік көмектің бекітілген ең жоғары мөлшері.

3. Осы Қағидалар Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданының аумағында тұрақты тұратын адамдарға таралады.

4. Осы Қағидалардың мақсаттары үшін әлеуметтік көмек ретінде Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданының әкімдігі мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына (бұдан әрі – Алушылар) өмірлік қыын жағдай туындаған жағдайда, сондай-ақ атаулы құндер мен мереке күндеріне ақшалай нысанда көрсететін көмек түсініледі.

5. "Ұлы Отан соғысының қатысуышылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі Заңының 20-бабында және "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі Заңының 16-бабында көрсетілген адамдарға әлеуметтік көмек осы қағидаларда көзделген тәртіппен көрсетіледі.

6. Әлеуметтік көмек көрсету үшін атаулы құндер мен мереке күндерінің тізбелерін, сондай-ақ әлеуметтік көмек көрсетудің еселігін және мөлшерін жергілікті атқарушы органның ұсынымы бойынша осы қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес жергілікті өкілді органдар белгілейді.

7. Участекілік және арнайы комиссиялар өз қызметін ережелердің негізінде жүзеге асырады.

2. Әлеуметтік көмек алушылар санаттарының тізбесін айқындау және әлеуметтік көмектің мөлшерлерін белгілеу тәртібі

8. Алушылар санатының тізбесі, әлеуметтік көмектің шекті мөлшерлері, табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан өмірлік қыын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмекке өтініш білдіру мерзімдері 2-қосымшаға сәйкес бекітіледі.

Бұл ретте өмірлік қыын жағдай туындаған кезде азаматтарды мұқтаждар санатына жатқызу үшін мыналар:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздемелер;

2) табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан азаматқа (отбасына) не оның мұлкіне зиян келтірілуі не әлеуметтік мәні бар аурулардың болуы;

3) облыстық ең төмен күнкөріс деңгейінің 20%-ынан аспайтын жан басына шаққандағы орташа табыстың болуы негіздеме болып табылады.

9. Өмірлік қыын жағдай туындаған кезде азаматтарды мұқтаждар санатына жатқызуға арналған негіздемелердің соңғы тізбесі 3-қосымшада көрсетілген.

10. Әлеуметтік төлемдер 451-007-000 "Жергілікті өкілетті органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек" бағдарламасы бойынша, бөлінген бюджеттік қаражат шегінде екінші деңгейдегі банктер немесе "Қазпошта" акционерлік қоғамы арқылы ақшалай қаражатты әлеуметтік көмек алушының жеке есепшотына аудару жолымен жүргізіледі.

11. Арнайы комиссия әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытынды шығарған кезде азаматтарды мұқтаждар санатына жатқызу үшін негіздемелер тізбесін басшылыққа алады.

12. Эрбір жекелеген жағдайда көрсетілетін әлеуметтік көмек мөлшерін арнайы комиссия айқындайды және оны әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытындыда көрсетеді.

3. Әлеуметтік көмек көрсету тәртібі

13. Атаулы күндер мен мереке күндеріне әлеуметтік көмек алушылардан өтініштер талап етілмей уәкілетті ұйымның не өзге де ұйымдардың ұсынымы бойынша Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданының әкімдігі бекітетін тізім бойынша көрсетіледі.

14. Өмірлік қыын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмек алу үшін өтініш беруші өзінің немесе отбасының атынан ауылдық округтің әкіміне өтінішке қоса мынадай құжаттарды:

1) жеке басын куәландыратын құжатты;

2) тұрғылықты жері бойынша тіркелгенін растайтын құжатты (мекенжайы туралы анықтама);

3) осы Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес адамның (отбасының) құрамы туралы мәліметтерді;

4) адамның (отбасы мүшелерінің) табыстары туралы мәліметтерді;

5) өмірлік қыын жағдайдың туындағанын растайтын актіні және/немесе құжатты ұсынады.

Құжаттар салыстырып тексеру үшін тұпнұсқаларда және көшірмелерде ұсынылады, содан кейін құжаттардың тұпнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады.

15. Өмірлік қызын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмек көрсетуге өтініш келіп түскен кезде ауылдық округтің әкімі бір жұмыс күні ішінде өтініш берушінің құжаттарын адамның (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізу үшін участекелік комиссияға жібереді.

16. Участекелік комиссия құжаттарды алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде өтініш берушіге тексеру жүргізеді, оның нәтижелері бойынша осы 5, 6-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша адамның (отбасының) материалдық жағдайы туралы акті жасайды, адамның (отбасының) әлеуметтік көмекке мүқтаждығы туралы қорытынды дайындайды және оларды ауылдық округтің әкіміне жібереді.

Ауылдық округ әкімі участекелік комиссияның актісі мен қорытындысын алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде оларды қоса берілген құжаттармен уәкілетті органға жібереді.

17. Әлеуметтік көмек көрсету үшін құжаттар жетіспеген жағдайда уәкілетті орган әлеуметтік көмек көрсетуге ұсынылған құжаттарды қарау үшін қажетті мәліметтерді тиісті органдардан сұратады.

18. Өтініш берушінің қажетті құжаттарды олардың бүлінуіне, жоғалуына байланысты ұсынуға мүмкіндігі болмаған жағдайда уәкілетті орган тиісті мәліметтерді қамтитын өзге уәкілетті органдар мен үйымдардың деректері негізінде әлеуметтік көмек тағайындау туралы шешім қабылдайды.

19. Уәкілетті орган участекелік комиссиядан немесе ауылдық округ әкімінен құжаттар келіп түскен күннен бастап бір жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес адамның (отбасының) жан басына шаққандағы орташа табысын есептеуді жүргізеді және құжаттардың толық пакетін арнайы комиссияның қарауына ұсынады.

20. Арнайы комиссия құжаттар келіп түскен күннен бастап екі жұмыс күні ішінде әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытынды шығарады, он қорытынды болған кезде әлеуметтік көмектің мөлшерін көрсетеді.

21. Уәкілетті орган өтініш берушінің әлеуметтік көмек алуға қажетті құжаттарын тіркеген күннен бастап сегіз жұмыс күні ішінде қабылданған құжаттар мен арнайы комиссияның әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытындысының негізінде әлеуметтік көмек көрсету немесе көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Осы Қағидалардың 18 және 19-тар маңтарында көрсетілген жағдайларда уәкілетті орган өтініш берушіден немесе ауылдық округтің әкімінен құжаттарды қабылдаған күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде әлеуметтік көмек көрсету не көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

22. Уәкілетті орган шешім қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қабылданған шешім туралы (бас тартқан жағдайда – негіздемесін көрсете

отырып) өтініш берушіні жазбаша хабардар етеді.

23. Белгіленген негізdemелердің біреуі бойынша (өтініш берушінің таңдауы бойынша) әлеуметтік көмек жылына 1 рет көрсетіледі. Бір жыл ішінде бір өтініш берушіге түрлі негізdemелер бойынша әлеуметтік көмек төлеуге тыйым салынады.

24. Әлеуметтік көмек көрсетуден бас тарту:

1) өтініш беруші ұсынған мәліметтердің дәйексіздігі анықталған;
2) өтініш беруші адамның (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізуден бас тартқан, жалтарған;

3) адамның (отбасының) жан басына шаққандағы орташа табысы әлеуметтік көмек көрсету үшін белгіленген шектен артқан жағдайларда жүзеге асырылады.

4. Көрсетілетін әлеуметтік көмекті тоқтату және қайтару үшін негізdemелер

25. Әлеуметтік көмек:

1) алушы қайтыс болған;
2) алушы Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданының шегінен тыс тұрақты тұруға кеткен;
3) алушыны мемлекеттік медициналық-әлеуметтік мекемелерге тұруға жіберген;
4) алушы ұсынған мәліметтердің дәйексіздігі анықталған жағдайларда тоқтатылады.

Әлеуметтік көмекті төлеу көрсетілген жағдаяттар туындаған айдан бастап тоқтатылады.

26. Артық төленген сомалар ерікті немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзгеше тәртіппен қайтаруға жатады.

5. Қорытынды ереже

27. Әлеуметтік көмек көрсету мониторингі мен есепке алуды уәкілетті орган "Е-Собес" автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің дерекқорын пайдалана отырып жүргізеді.

Қызылжар ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж адамдардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларына 1- қосымша

Әлеуметтік көмек көрсетуге атаулы күндер мен мереке күндерінің тізбесі, сондай-ақ әлеуметтік көмек көрсетудің мөлшері және еселігі

P/ с №	Элеуметтік көмек көрсетуге атаулы күндер мен мереке күндерінің тізбесі	Элеуметтік көмектің мөлшері айлық есептік көрсеткіште, әлеуметтік көмек көрсетудің еселігі
-----------	--	--

15 ақпан – Ауған аумағынан әскерді шығару күні

1	Бұрынғы КСР Одағы үкімет органдарының шешімдеріне сәйкес басқа мемлекеттің аумақтарындағы ұрыс қимылдарына қатысқан - Совет Армиясының, Әскери-Теңіз флотының, Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің әскери қызметшілері, бұрынғы КСР Одағы Ішкі істер министрлігінің қатардағы және басқарушы құрамының адамдары (әскери мамандар мен кеңесшілердің коса есептегендеге); жаттығу жиындарына шакырылып, ұрыс қимылдары жүріп жатқан кезде Ауғанстанға жіберілген әскери міндеттілер; ұрыс қимылдары жүріп жатқан осы елге жүк жеткізу үшін Ауғанстанға жіberілген автомобиль батальондарының әскери қызметшілері; бұрынғы КСР Одағының аумағынан Ауғанстанға жауынгерлік тапсырмаларды орындау үшін ұшуладар жасаған үшү құрамының әскери қызметшілері; Ауғанстандағы кеңес әскери құрамына қызмет көрсеткен жарапанған, контузия алған немесе закымданған, яки ұрыс қимылдарын қамтамасыз етуге қатысқаны үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдерімен наградталған жұмысшылар мен қызметшілер;	15 , жылына 1 р е т
2	Бұрынғы КСР Одағын қорғау кезінде, әскери қызметтің өзге де міндеттерін басқа уақытта орындау кезінде жарапануы, контузия алуы, закымдануы салдарынан немесе майданда болуына байланысты, сондай-ақ Ауғанстанда немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа мемлекеттерде әскери міндеттің өтөу кезінде ауруға шалдығуы салдарынан мүгедек болған әскери қызметшілер	15 , жылына 1 р е т
3	Басқа елдерде қимыл жасаған әскер құрамдарына қызмет көрсеткен және ұрыс қимылдарын жүргізу кезінде жарапануы, контузия алуы, закымдануы салдарынан мүгедек болған тиісті санаттағы жұмысшылар мен қызметшілер	15 , жылына 1 р е т
4	Ауғанстандағы немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа мемлекеттердегі ұрыс қимылдары кезеңінде жарапанудың, контузия алудың, закымданудың немесе ауруға шалдығудың салдарынан қаза тапқан (хабар-ошарсыз кеткен) немесе қайтыс болған әскери қызметшілердің отбасы	15 , жылына 1 р е т
5	1979 жылдың 1 желтоқсаны мен 1989 жылдың желтоқсаны аралығында Ауғанстанға және ұрыс қимылдары жүріп жатқан басқада мемлекеттерге жұмысқа жіберілген жұмысшылар мен қызметшілер;	15 , жылына 1 р е т
6	Бұрынғы КСР Одағы Мемлекет қауіпсіздік комитетінің Ауғанстанда уақытша, болған және совет әскерлерінің шектелген құрамына енбеген жұмысшылары мен қызметшілері.	15 , жылына 1 р е т

8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні

7	"Алтын алқамен", "Күміс алқамен", I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен марапатталған немесе бұрын "Ардақты ана" атағын алған көп балалы аналар	5 , жылына 1
---	---	-----------------

26 сәуір – Чернобыль атом электр станциясында болған апатты еске алу күні

8	1986-1987 жылдары Чернобыль АЭС-індегі апаттың, сондай-ақ азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың зардалтарын жоюға қатысқан, сондай-ақ ядролық сынақтар мен жаттығуларға тікелей қатысқан адамдар	15 , жылына 1 р е т	
9	Чернобыль АЭС-індегі апаттың, азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың, ядролық қаруды сынаудың салдарынан мүгедек болған адамдар, сондай-ақ ата-анасының бірінің радиациялық сәуле алуы себебінен генетикалық жағынан мүгедек болып қалған олардың балалары	15 , жылына 1 р е т	
10	Чернобыль АЭС-індегі апаттың, азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың зардалтарын жою кезінде қаза тапқан адамдардың отбасы.	15 , жылына 1 р е т	
11	Чернобыль АЭС-індегі апаттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың, ядролық сынаулардың салдарынан сәуле ауруына шалдығып қатыс болғандардың, немесе өлімі белгіленген тәртіппен солардың ықпалына байланысты болған мүгедектердің, сондай-ақ азаматтардың отбасы.	15 , жылына 1 р е т	
12	1988-1989 жылдардағы Чернобыль АЭС-індегі апаттың зардалтарын жоюға қатысқан, оқшаулау аймағынан Қазақстан Республикасына қоныс аудартқан (өз еркімен көшкен) адамдар қоныс аудартқан күні анасының құрсағындағы балаларды қоса алғанда	15 , жылына 1 р е т	
9	м а м ы р – Ж е н і с к у н і		
13	Ұлы Отан соғысының қатысуышылары мен мүгедектері	50 , (2015 жылғы 9 мамырды қоспағанда) жылына 1 р е т	
14	Қорғанысина қатысу майдандағы армия бөлімдерінің әскери қызметшілері үшін белгіленген женілдік шарттарымен зейнетақы тағайындау үшін еңбек өткерген жылдарына 1998 жылғы 1 қантарға дейін есептелді қалаларда Ұлы Отан соғысы кезінде қызмет атқарған әскери қызметшілер, сондак-ақ бұрынғы КСР Одағы ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарының басшы және катардағы құрамының адамдары	5 , жылына 1 р е т	
15	Ұлы Отан соғысы кезінде майдандағы армия құрамына кірген әскери бөлімдерде, штабтарда, мекемелерде штаттық қызмет атқарған Совет Армиясының, Әскери-Теніз Флотының, бұрынғы КСР Одағының ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік әскерлері мен органдарының ерікті жалдама құрамаларының адамдары, яки сол кездерде корғанысина қатысу майдандағы армия бөлімдерінің әскери қызметшілері үшін белгіленген женілдік шарттарымен зейнетақы тағайындау үшін еңбек өткерген жылдарына 1998 жылғы 1 қантарға дейін есептеледі қалаларда болған адамдар	5 , жылына 1 р е т	
16	Ұлы Отан соғысы кезінде майдандағы армия мен флоттың құрамына кірген бөлімдердің, штабтар мен мекемелердің құрамында полк баласы (тәрбиеленушісі) және теңізші бала ретінде болғандар	5 , жылына 1 р е т	
17	Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында шетелдердің аумағында фашистік Германия мен оның одактастарына қарсы ұрыс қымылдарына партизан отрядтары, астыртын топтар және	5 , жылына 1 р е т	

	басқа да антифашистік құрамалар құрамына қатысқан адамдар	р е т
18	Қатынас жолдары халық комиссариаты, Байланыс халық комиссариаты арнайы құрамаларының, кәсіпшілік және көлік кемелерінің жүзу құрамы мен авиацияның ұшу-көтеру құрамының, бұрынғы КСР Одағы Балық өнеркәсібі халық комиссариатының, Теніз және өзен флотының, Солтүстік теңіз және Бас басқармасының ұшу-көтеру құрамының Ұлы Отан соғысы кезінде әскери қызметшілер жағдайына көшірілген және ұрыс майдандарының тылдағы шептері, флоттардың оперативтік аймақтары шегінде майдандағы армия мен флот мүдделеріне орай міндеттер атқарған қызметкерлері, сондай-ақ Ұлы Отан соғысының бас кезінде басқа мемлекеттердің порттарында тұтқындалған көлік флоты кемелері әкипаждарының мүшелері	5 , жылына 1 р е т
19	Коршаудағы кезеңінде Ленинград қаласының кәсіпорындарында, мекемелері мен ұйымдарында жұмыс істеген және "Ленинградты корғаганы үшін" медалімен және "Коршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған азаматтар	5 , жылына 1 р е т
20	Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде фашистер мен олардың одактастары құрган концлагерлердің, геттолардың және басқа да еріксіз ұстau орындарының жасы кәмелетке толмаған бұрынғы тұтқындары	5 , жылына 1 р е т
21	Әскери міндеттін орындау кезінде жарапануы, контузия алуды, зақымдануы салдарынан, яки майданда болуына немесе ұрыс қымылдары жүргізілген мемлекеттерде әскери міндеттін орындауына байланысты ауруға шалдығуы салдарынан мүгедек болған бұрынғы КСР Одағының ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарының басшы және қатардағы құрамындағы адамдар;	5 , жылына 1 р е т
22	1944 жылдың 1 қаңтарынан 1951 жылдың 31 желтоқсанына дейінгі кезеңде Украин ССР-і, Беларусь ССР-і, Литва ССР-і, Латыш ССР-і, Эстон ССР-і аумактарында қымыл жасаған халықты қорғаушы истребительдік батальондардың, взводтар мен отрядтардың жауынгерлері мен командалық құрамы қатарында болған, осы батальондарда, взводтарда, отрядтарда қызмет міндеттін атқару кезінде жарапануы, контузия алуды немесе зақымдануы салдарынан мүгедек болған адамдар	5 , жылына 1 р е т
23	Ұлы Отан соғысында қаза тапқан, жергілікті әуе корғанысының объектілерді өзін-өзі корғау топтары мен авариялық командаларының жеке құрамы қатарындағы адамдардың отбасы, Ленинград қаласының госпитальдері мен ауруханаларында қаза тапқан қызметкерлердің отбасы	5 , жылына 1 р е т
24	Қайтыс болған соғыс мүгедектерінің және соларға тенестірілген мүгедектердің әйелдері (күйеулері), сондай-ақ қайтыс болған соғысқа қатысуышылардың, партизандардың, астыртын күрес жүргізген адамдардың, "Ленинградты корғаганы үшін" медалімен және "Коршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған, жалпы ауруға шалдығудың, еңбек ету кезінде зақым алудының нәтижесінде және басқа себептерге (құқыққа қайшы келетіндерінен басқаларына) байланысты мүгедек деп танылған азаматтардың екінші рет некеге тұрмagan әйелдері (күйеулері);	5 , жылына 1 р е т
25	Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдерімен маралатталған адамдар	5 , (2015 жылғы 9 мамырды коспағанда) жылына 1 р е т
26	2015 жылғы 9 мамыр – Женіс күні	100 , жылына 1

	Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мугедектері	р е т
27	Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі және мінсіз әскери қызметті үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдерімен марапатталған адамдар	25 , жылына 1 р е т
7	м а м ы р – О т а н қ о р ғ а у ш ы л а р	к ү н і
28	Бұрынғы КСР Одағының Қорғаныс министрлігіне, ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарына әскери міндеттің өтеу жиындарына шақырылған, қоғамға жат көріністерге байланысты төтенше жағдайлар кезінде қоғамдық тәртіпті сактау жөніндегі тапсырмаларды орындау барысында қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшілердің, басшы және қатардағы құрам адамдарының отбасы	5 , жылына 1 р е т
29	Бейбіт уақытта әскери қызметтің өткериу кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшілердің отбасы	5 , жылына 1 р е т
31	м а м ы р – Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу	к ү н і
30	Бұрынғы КСР Одағы аумағында саяси қуғын-сүргіннен тікелей зардал шеккен және қазіргі кезде Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын адамдар	15 , жылына 1 р е т
31	Қазақстан Республикасының қазіргі аумағында өздеріне қуғын-сүргіндер колданылғанға дейін тұрақты өмір сүрген адамдар мына төмендегі жағдайларда танылады: бұрынғы КСР Одағынан тыскары жерлерде қуғын-сүргіндерді кеңес соттары мен басқа да органдардың колдануы; екінші дүниежүзілік соғыс кезінде (жай адамдар мен әскери қызметшілерді) тұрақты армия әскери трибуналарының айыптауы; Қазақстаниң тыскары жерлерде әскери қызмет атқару үшін шақырылғаннан кейін қуғын-сүргіндердің колдануы; қуғын-сүргіндерді орталық одақтық органдар: КСРО Жоғарғы Соты мен оның сот алкаларының, СКРО Айрықша бас саяси Басқарма алқасының, КСРО Ішкі істер халық комиссариаты - Мемлекет Қауіпсіздігі министрлігі - Ішкі істер министрлігі жаһындағы айрықша кенестің, КСРО Прокуратурасы мен КСРО Ішкі істер халық комиссариатының Тергеу Истері жөніндегі комиссиясының және басқа органдар шешімдері бойынша колдануы; Қазақстандағы 1986 жылғы 17-18 желтоксан оқиғаларына қатысқаны үшін, осы оқиғаларда қасақана кісі өлтіргені және милиция қызметкерінің, халық жасақшысының өміріне қастандық жасағаны үшін сотталған, өздеріне қатысты қылмыстық істердің кайта караудың қолданылып жүрген тәртібі сақталатын адамдарды қоспағанда, қуғын-сүргіндердің қолданылуы жағдайларында танылады	15 , жылына 1 р е т
32	КСР Одағы мемлекеттің жоғары органдарының құжаттары негізінде Қазақстанға және Қазақстаниң күштеу арқылы құқыққа қарсы қоныс аударуға ұшыраған адамдар	15 , жылына 1 р е т
33	Ата-аналармен немесе олардың орнындағы адамдармен бірге бас бостандығынан айыру орындарында, айдауда, жер аударуда немесе арнайы қоныс аударуда болған саяси қуғын-сүргіндер құрбандарының балалары, сондай-ақ қуғын-сүргін кезінде он сегіз жасқа толмаған және оның қолданылуы нәтижесінде ата-анасының қамкорлығының қалған саяси қуғын-сүргіндер құрбандарының балалары	3 , жылына 1 р е т
30	т а м ы з – Қазақстан Республикасының Конституциясы	к ү н і
34	Қазақстан Республикасына сінірген ерекше еңбегі үшін зейнетақы тағайындалған адамдар,	10 , жылына 1

облыстық маңызы бар дербес зейнеткер мәртебесі бар зейнеткерлер, облыстың, қаланың (р е т ауданнын) құрметті азаматтары

Қызылжар ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж адамдардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қагидаларына 2 - қосымша

Алушылар санатының тізбесі, әлеуметтік көмектің шекті мөлшерлері, табиғи зілзаланың және өрттің салдарынан өмірлік қыын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмекке өтініш білдіру мерзімдері

P/ с №	Әлеуметтік көмек алушылардың санаты	Жан басына шаққандағы орташа табыстың ең төменгі күн көріс деңгейіне еселік қатынасы	Әлеуметтік көмектің атауы	Әлеуметтік көмектің шекті мөлшері	Әлеуметтік көмек көрсету еселігі	Әлеуметтік көмекке өтініш білдіру мерзімдері
1	Табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан зардап шеккен отбасылар азаматтар)	Табысты есепке алмаганда	Төтенше жағдайларға байланысты	75 айлық есептік көрсеткіш	Біржолғы	Өмірлік қыын жағдай туындаған күннен бастап 6 айдан кешіктірмей

Қызылжар ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж адамдардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қагидаларына 3- қосымша

Өмірлік қыын жағдай туындаған кезде азаматтарды мұқтаждар санатына жатқызуға арналған негіздемелердің соңғы тізбесі

- 1) жетімдік;
- 2) ата-ананың қамқорлығынсыз қалу;
- 3) кәмелетке толмағандардың қадағалаусыз қалуы, оның ішінде девианттық мінез-құлық;
- 4) үш жасқа дейінгі балалардың ерте психофизикалық дамуы мүмкіндіктерінің шектелуі;
- 5) дene және (немесе) ақыл-ой мүмкіндіктеріне байланысты ағза функцияларының тұрақты бұзылуы;
- 6) әлеуметтік мәні бар аурулардың және айналасындағыларға қауіп төндіретін аурулардың салдарынан тыныс-тіршілігінің шектелуі;
- 7) жасының егде тартуына байланысты, ауруы және (немесе) мүгедектігі

салдарынан өзіне-өзі күтім жасай алмауы;

8) әлеуметтік бейімсіздікке және әлеуметтік депривацияға әкеп соқтырған қатыгездік;

9) баспанасызың (белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдар);

10) бас бостандығынан айыру орындарынан босау;

11) қылмыстық-атқару инспекциясының пробация қызметінде есепте тұруы;

12) кәмелетке толмағандардың ерекше режимде ұстайтын білім беру үйымдарында болуы (2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап);

13) облыстық ең төмен күнкөріс деңгейінің 20 %-ынан аспайтын жан басына шакқандағы орташа табыстың болуы;

14) табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан азаматқа (отбасына) не оның мүлкіне зиян келтіру;

15) Ұлы Отан соғысының қатысуышылары мен мүгедектерінің, сондай-ақ женілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының қатысуышылары мен мүгедектеріне теңестірілген тұлғалардың табыстарын есепке алмағанда 2 жылда бір реттен артық емес, ұсынылған шот-фактураның құнына сәйкес тіс протездеуге (бағалы металлдар мен металл керамика, металл акрилден жасалған протездерден басқа) мұқтаждығы;

16) Ұлы Отан соғысының қатысуышылары мен мүгедектерінің, сондай-ақ женілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының қатысуышылары мен мүгедектеріне теңестірілген тұлғалардың табыстарын есепке алмағанда Қазақстан Республикасының санаторийлері мен профилакторийлерінде санаторлық-курорттық емделу құны мөлшерінде жылына бір рет санаторлық-курорттық емделуге мұқтаждығы,

17) Ұлы Отан соғысының қатысуышылары мен мүгедектерінің, сондай-ақ женілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының қатысуышылары мен мүгедектеріне теңестірілген тұлғалардың, Семей ядролық сынақ полигоны аймағында зардап шеккен адамдардың өмірлік қыын жағдай туындаған күннен бастап 6 айдан кешіктірмей, жылына 1 рет Қазақстан Республикасының аумағында теміржол (плацкарт вагоны), автомобилдік жолаушылар (таксиден басқасы) көлігімен жөнелту станциясынан ауруханаға дейінгі және кейінгі жол шығындарын өтеуге мұқтаждығы;

18) Ұлы Отан соғысының қатысуышылары мен мүгедектерінің ай сайын 2 (екі) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде коммуналдық қызметтердің шығындарын өтеуге мұқтаждығы;

19) Азаматта туберкулездің белсененді түрінің болуы, табыстарын есепке алмай , өмірлік қыын жағдай туындаған күннен бастап 6 айдан кешіктірмей, қосымша тамақтануға тоқсанына 5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

20) өмірлік қыын жағдай туындаған кезде мұқтаждар санатына жатқызылған

азаматтардың осы Қағидалардың 3-қосымшасының 1-13 тармақтарына сәйкес облыстық ең төмен күнкөріс деңгейінің 20 %-ынан аспайтын жан басына шаққандағы орташа табысы болған кезде өмірлік қызын жағдай туындаған күннен бастап 6 айдан кешіктірмей, жылына бір рет 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде мұқтаждығы.

Қызылжар ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж адамдардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларына 4- қосымша

Отбасыны тіркеу номірі _____

Отініш берушінің отбасы құрамы туралы мәліметтер

(отініш берушінің Т.А.Ә.) (үйінің мекенжайы, тел.)

P/c №	Отбасы	мүшелерінің	Т.А.Ә.	Отініш	берушіге	туыстық	қатынасы	Тұған	жылы

Отініш берушінің қолы _____ Күні _____

Отбасының құрамы туралы
мәліметтерді қуәландыруға уәкілетті
органның лауазымды тұлғасының Т.А.Ә.

(қолы)

Қызылжар ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж адамдардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларына 5- қосымша

Өмірлік қызын жағдайдың туындауына байланысты адамның (отбасының) мұқтаждығын айқындауга арналған тексеру

AKTICI

20__ ж. " __ " _____

(елді мекен)

1. Өтініш берушінің Т.А.Ә. _____

2. Тұратын мекенжайы _____

3. Өтініш беруші әлеуметтік көмекке өтініш берген туындаған өмірлік қын жағдай _____

4. Отбасы құрамы (отбасында нақты тұратындар есептеледі) _____
адам, оның ішінде:

P/ с №	Т.А.Ә Туган күні	Өтініш берушігे туыстық қатынасы	Жұмыспен қамтылуы (жұмыс, оку орны)	Жұмыспен қамтылмау себебі	Қоғамдық жұмыстарға қатысуы, кәсіптік даярлығы (қайта даярлау, біліктілігін арттыру) немесе жұмыспен қамтудың белсенді шараларына қатысуы туралы мәліметтер	Өмірлік қын жағдай

Еңбекке жарамды барлығы _____ адам.

Жұмыспен қамту органдарында жұмыссыз ретінде тіркелгендері _____
адам.

Балалардың саны: _____

жоғары және орта оқу орындарында ақылы негізде оқитындар _____
адам, оқу құны жылдан _____ теңге.

Отбасында Ұлы Отан соғысына қатысушылардың, Ұлы Отан соғысы мүгедектерінің, Ұлы Отан соғысына қатысушыларына және Ұлы Отан соғысы мүгедектеріне теңестірілгендердің, зейнеткерлердің, 80 жастан асқан қарт адамдардың, әлеуметтік маңызы бар аурулары (қатерлі ісіктер, туберкулез, адамның иммунитет тапшылығы вирусы) бар адамдардың, мүгедектердің, мүгедек балалардың болуы (көрсету немесе өзге санатты қосу керек)

5. Өмір сүру жағдайы (жатақхана, жалға алынған, жекешелендірілген тұрғын үй, қызметтік тұрғын үй, тұрғын үй кооперативі, жеке тұрғын үй немесе өзгеше

көрсету керек):

Тұрғын үйді ұстауға арналған шығыстар:

Отбасының табысы:

P/ Табысы бар отбасы с мүшелерінің (оның ішінде № өтініш берушінің) Т.А.Ә.	Tabыс TYPi	Откен тоқсандағы табыс сомасы (төңге) орта тоқсанға есеппен айна	Жеке қосалқы шаруашылық (aulадағы участке, малы және құсы), саяжай және жер участкесі (жер үлесі) туралы мәліметтер

6. Мыналардың:
автокөлігінің болуы (маркасы, шығарылған жылы, құқық беретін құжат, оны пайдаланғаннан түскен мәлімделген табыс)

қазіргі уақытта өздері тұрып жатқаннан бөлек өзге де тұрғын үйдің болуы
(оны пайдаланғаннан түскен мәлімделген табыс)

7. Бұрын алған көмегі туралы мәліметтер (нысаны, сомасы, көзі):

8. Отбасының өзге де табыстары (нысаны, сомасы, көзі):

9. Балалардың мектеп керек-жарағымен, киіммен, аяқ киіммен қамтамасыз етілуі: _____

10. Тұратын жерінің санитариялық-эпидемиологиялық жағдайы:

Комиссия төрағасы:

Комиссия мүшелері:

(қолдары) (Т.А.Ә.)

Жасалған актімен таныстым: _____

Өтініш берушінің Т.А.Ә. және қолы

Тексеру жүргізілуден бас тартамын _____ өтініш
берушінің (немесе отбасы мүшелерінің бірінің) Т.А.Ә. және қолы, күні _____

(өтініш беруші тексеру жүргізуден бас тартқан жағдайда толтырылады)

Қызылжар ауданында әлеуметтік көмек
көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің
және мұқтаж адамдардың жекелеген
санаттарының тізбесін айқындаудың
қағидаларына 6- қосымша

Участковая комиссия № _____ корытындысы

20 ____ ж. ____

Участковая комиссия Әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу
және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау
қағидаларына сәйкес өмірлік қызын жағдайдың туындауына байланысты
әлеуметтік көмек алуға өтініш берген адамның (отбасының)

(өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты)

өтінішін және оған қоса берілген құжаттарды қарап, ұсынылған құжаттар және өтініш берушінің (отбасының) материалдық жағдайын тексеру нәтижелерінің негізінде адамға (отбасыға) өмірлік қызын жағдайдың туындауына байланысты ____ айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде әлеуметтік көмек ұсыну (қажеттілігі, қажеттіліктің жоқтығы) туралы қорытынды шығарады

Комиссия төрағасы: _____

Комиссия мүшелері: _____

Комиссия хатшысы: _____

Қорытынды

қоса берілген құжаттармен ____ данада

20 ____ ж. "____" _____ қабылданды

_____ Құжаттарды қабылдаған уәкілетті орган қызметкерінің Т.А.Ә., лауазымы,
қолы